

08.01.2026 күні 20 мектеп-гимназиясында “Сабақтағы жаңашылдық: тәжірибе, ізденіс, нәтиже” тақырыбында әдістемелік отырыс болды.

Мақсаты: Сабақта қолданылатын инновациялық әдістердің тиімділігін анықтау, педагогтердің тәжірибесін зерделеу және оқыту нәтижесін жақсарту жолдарын айқындау.

Мұғалімдердің көңіл-күйін жақсарту мақсатында мектеп психологтері Амиргожина А.Ж мен Капарова Г.О “Бақыт -қарапайым сәттерде” тақырыбында қызықты тренинг өткізді.

Күн тәртібінде мынадай мәселелер қарастырылды:

1. “Әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру-білім сапасын арттырудың негізі” тақырыбында директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарының м.а Бейсенова Айгуль Илиясовна баяндама оқыды.

2.” Сапалы білімге жетелейтін сабақ құрылымы” тақырыбында қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі әрі департамент жетекшісі Мазах Мақтагүл өз тәжірибесімен бөлісті.

3. «Ғылыми жоба -оқушының зерттеушілік қабілетін дамытудың құралы” тақырыбында тарих мұғалімі әрі департамент жетекшісі Айткен Есболат Қайырханұлы өз тәжірибесімен бөлісті. Әдістемелік отырыстың соңында әр түрлі мәселелер қарастырылып, ұсыныстар айтылды.

